

Құрастырушыдан

Шығыс Қазақстан облыстық балалар және жасөспірімдер кітапханасы 1998 жылдан бері «Шығыс Қазақстанда аталып өтілетін және еске алынатын күндер» атты ұсыныс көрсеткішін шығарып келеді.

Көрсеткіш облыс кітапханашыларына, мәдени шара ұйымдастырушыларға, телерадио және баспасөз қызметкерлеріне, жалпы балалар мен жасөспірімдерге тәрбие беретін ұйым жетекшілеріне, сонымен қатар облысымыздың тарихын, мәдениетін жетік білгісі келетін барша оқырмандарға арналады.

Ұсыныс көрсеткіші негізінен екі бөлімнен тұрады.

Бірінші бөлім 2019 жылы аталып өтілетін мерейтой иелерінің қысқаша өмірбаяны мен шығармашылығынан тұрады.

Ал екінші бөлімде айы мен күні белгісіз аталып өтілетін мерейтой иелерінің қысқаша өмірбаяны мен шығармашылығы көрсетілген.

Ұсыныс көрсеткіші сондай-ақ еске алынатын есімдердің алфавиттік тізімімен жабдықталған. Осы ұсыныс көрсеткіші бойынша ұсыныс-пікірлеріңіз болса, төмендегі мекен-жайға хабарласуларыңызға болады.

**Өскемен қаласы,
Космическая көшесі, 6/2
«Шығыс Қазақстан облыстық балалар
және жасөспірімдер кітапханасы» КММ
Ақпараттық-библиографиялық бөлім
телефон: 8(7232)75-96-17
e-mail: childrenlibrary@mail.ru
e - <http://www.odub.kz>**

2019 жылы аталып өтілетін және еске алынатын күндердің тізбегі

Қаңтар

- 6- **Авдеев Николай Дмитриевич**, Кеңес Одағының Батыры туғанына 100 жыл (1919).
- 8- **Рейхерд Дмитрий**, фристайлдан халықаралық дәрежедегі спорт шебері, туғанына - 40 жыл (1989).
- 10- **Құмарбеков Мүсілім**, журналист, жазушы, туғанына 80 жыл (1939).
- 11- **Облыстық «Уба санаторийінің»** құрылғанына – 45 жыл (1974).
- 12- **Байбатыров Ғалым**, ақын, журналист, туғанына 70 жыл (1949).
- 15- **Бажов Павел Петрович**, жазушы, туғанына 140 жыл
- 27- (1879 – 1950).
- 17- **Әшірбаев Болат Жақыпбекұлы** 55 жаста (1964) - Әнші, халық әндерін насихаттаушы.
- 24- **Рубусин Сергей Михайлович**, 2-дүниежүзілік соғысқа қатысушы, Кеңес Одағының Батыры, туғанына - 95 жыл (1924-1945).
- 24- **«Защита-Зырян»** темір жолының ашылғанына – 65 жыл (1954).
- Жарма ауданы **Шар қаласының** құрылғанына 90 жыл (1929).

Ақпан

- 4- **Ерлан Құжманов** (1969 жыл, Шығыс Қазақстан облысы, Ақсуат ауданы, Социал ауылы) - әнші.
- 12- **Ғаббасов Совет-Хан**, жазушы-дәрігер, фантаст, медицина ғылымдарының кандидаты, педагогика ғылымдарының докторы, туғанына 80 жыл (1939).
- 18- **Ибрагимов Төкен**, жазушы, әдебиеттанушы, абайтанушы, туғанына - 80 жыл (1939).

- 22- **Кенжебек Шәкенов** (1924, Шығыс Қазақстан облысы Жарма ауданы – өлген жылы белгісіз) - 2-дүниежүзілік соғысқа қатысушы, сержант.
- 22- **Байбатша Әубәкір Байбатшаұлына** 105 жыл (1914-2011) Ұлы Отан соғысының ардагері Өскемен қаласының ардақты азаматы.
- 26- Халықаралық **«Невада-Семей»** антиядролық қозғалысына 30 жыл (1989 ж.).
- 28- **Сейсенұлы Дәулет**, журналист, туғанына - 70 жас (1949).
- 28- **Юровская Ольга**, жазушы, туғанына - 80 жыл (1939).
- **Физиотерапия емханасының** құрылуына 50 жыл (1969).

Наурыз

- 4- **Елеуқенова Гүлжаухар Шериязданқызына** 65 жас (1954-1999) – өнертанушы, педагог, өнертану ғылымдарының кандидаты.
- 8- **Өмірзақова Әмина Ерғожақызы**, театр және кино актрисасы, Қазақстанның Халық әртісі, туғанына - 100 жыл (1919-2006).
- 10- **Тілегенов Бекежан**, жазушы, туғанына 75 жыл (1934).
- 15- **Төлеу Көбдіков** туғанына 145 жыл (1874-1954) халық ақыны.
- 22- Өскеменде **Спортшылар сарайының** ашылғанына 50 жыл (1969 ж.).
- 25- **Клименко Трофим Михайлович**, 2-дүниежүзілік соғысқа қатысушы, Кеңес Одағының Батыры, туғанына - 100 жыл (1919).
- 30- **Чернов Алексей Иванович**, 2-дүниежүзілік соғысқа қатысушы, Кеңес Одағының Батыры, туғанына - 95 жас (1924).
- 31- **Пржевальский Николай Михайлович**, ғалым-географ, саяхатшы, туғанына - 180 жыл (1839).

Сәуір

- 3- **Ғафур Аслан**, айтыскер ақын, туғанына - 40 жыл (1979).
- 4- **Сұлтанбеков Зейнолла Қабдышұлы** 75 жаста (1944 ж..) - ғалым, медицина ғылымдарының докторы, доцент (БАК - 2000 ж.), профессор.
- 5- **Көшерев Оралхан**, әнші, сазгер, туғанына - 60 жыл (1959).
- 12- **Сәтбаев Қаныш Имантайұлы**, аса көрнекті қазақ геологы, қоғам қайраткері, Қазақ КСР Ғылым академиясының тұңғыш президенті, Қазақ КСРО ҒА-ның академиясының академигі, қазақстандық металлогения мектебінің негізін қалаушы, туғанына - 120 жыл (1899).
- 16- **Бурлаченко Степан Филиппович** , 2-дүниежүзілік соғысқа қатысушы, Кеңес Одағының батыры, туғанына - 105 жыл (1914).
- 20- **Аягөз қаласының** құрылғанына (1939) 80 жыл.
- 29- **Есдәулет Ұлықбек**, ақын, аудармашы, ҚР Жастар Одағы сыйлығының, ҚР Мемлекеттік сыйлығының, Халықаралық «Алаш» сыйлығының иегері, туғанына 65 жыл (1954).
- 29- **Вербицкий Тимофей Сергеевич**, 2-дүниежүзілік соғысқа қатысушы, Кеңес Одағының Батыры, туғанына - 110 жыл (909).
- 29- **«Өскемен конденсатор зауыты» АҚ** - ның алғашқы өнімін шығарғанына - 60 жыл (1959).

Мамыр

- 11- **Сейітханов Амангелді**, ақын, тележурналист, туғанына - 50 жыл (1969).
- 11- **Семейдегі Абай атындағы қазақ музыкалы-драма театрына** - 85 жыл, бүкіл қазақ театры өнерінің қара шаңырағы болып саналады (1934).
- 15- **Берікқажыұлы Дәурен**, ақын, туғанына - 45 жыл (1974).
- 15- **Ибраев Әйткеш Абайұлы**, Кеңес Одағының Батыры, туғанына - 95 жыл (1924).

- 15- **Берікжанұлы Дәурен** 45 жас (1974), ақын Қазақстан Жазушылар Одағының мүшесі.
- 19- **Семей облысының құрылғанына** 165 жыл (1854).
- 20- **Туғанбаев Қашаф Айтжанұлы**, ақын, туғанына - 95 жыл (1924-1991).
- 25- **Әміре Қашаубаев** атындағы Шығыс Қазақстан филормониясының біріктірілгеніне 40 жыл (1979).
- 29- **Блохин Евгений Анатольевич**, хоккейші, туғанына - 40 жыл (1979).
- 29- **Шайжүнісов Жақия** (1914, қазіргі Семей облысы Абай ауданы Құлменді ауылы — 2.9.1983, Семей қаласы) — ұстаз, Қазақстанның еңбек сіңірген мұғалімі (1961).

Маусым

- 2- **Аманжолов Алтай Сарсенович**, ғалым, филолог, туғанына 85 жыл (1934).
- 6- **Жаппасұлы Еркін**, жазушы, сықақшы, туғанына - 65 жыл (1954).
- 10- **Елікбаев Серік** 50 жаста (1969) ақын, филология ғылымдарының кандтдаты.
- 10- **Шәкеев Нұрғазы**, жазушы, аудармашы, журналист, туғанына - 90 жыл (1929-2008).
- 13- **Шмид Александр** 70 жаста (1949) ақын, журналист.
- 14- **Никифоров Иван Дмитриевич** 80 жаста (1939) өлкетану, тарих ғылымының кандидаты.
- 15- **Көбдіков Төлеу**, халық ақыны, туғанына 145 жыл (1874 – 1954).
- 18- **Филатов Валентин Михайлович**, жазушы, туғанына - 90 жыл (1929).
- 20- **Морозов Борис Филиппович**, суретші, туғанына - 75 жыл (1944).
- 25- **Әмірханов Руслан Айткалиұлы** 40 жаста (1979), заңдар ғылымының кандидаты.

Шілде

- 3- **Ноғайбаева Гүлдана** 40 жаста (1979), әнші, домбырашы.
- 6- **Щербаков Борис Васильевич**, жазушы-натуралист, туғанына 80 жыл (1939).
- 11- **Мұхамедиярова Раиса Мәжитқызы**, актриса, туғанына - 80 жыл (1939).
- 13- **Тілеуханов Төлек**, жазушы, туғанына 80 жыл (1939).
- 28- **Павлов Борис Тимофеевич**, 2-дүниежүзілік соғысқа қатысушы, Кеңес Одағының Батыры, туғанына - 100 жыл (1919).
- 28- **Ақтаев Талғат**, самбо күресінен жастар арасында Әлем чемпионы, туғанына - 55 жыл (1964).
- 28- Өскеменде **Облыстық балалар кітапханасының** ашылғанына 60 жыл (1959 ж.) А. П. Гайдар атағын алғанына **55 жыл** (1964 ж.), 2002 жылы **Облыстық балалар және жасөспірімдер кітапханасы** статусын алды.

Тамыз

- 9- **Кузнецов Павел Николаевич**, ақын, аудармашы, журналист, туғанына 110 жыл (1909 – 1957).
- 15- Алаш қаласының Жаңа – Семей болып өзгертілгеніне 95 жыл (1924).
- 18- **Жақиянов Серікхан**, айтыскер ақын, туғанына - 60 жыл (1959)
- 26- **Әдібаев Хасен**, жазушы, ғалым, филология ғылымының докторы, профессор, Қазақстанның еңбек сіңірген жоғары мектеп қызметкері, туғанына 95 жыл (1924).
- 29- **Семей полигонында** ядролық алғашқы сынақ жарылысына 70 жыл (Абралы ауданы Дегелең тауында таңғы сағ. 7-де 1949 жыл).
Қазақстанның тұңғыш Президенті Н. Ә. Назарбаевтың Семейдің (Дегелең) ядролық сынағын тоқтату туралы жарлығына қол қойғанына 30 жыл (1989).

Қыркүйек

- 3- **Елеукенов Шарияздан Рүстемұлы**, әдебиетші-ғалым, филология ғылымының докторы, профессор, Қазақстанның еңбек сіңірген мәдениет қызметкері, туғанына 90 жыл (1929 -).
- 5- **Мұхамедқызы Майра**, әнші, туғанына - 50 жыл (1969).

Қазан

- 6- **Раисова Бақытжан**, ақын, аудармашы, ұстаз, туғанына 60 жыл (1959).
- 12- **Байдосов Қабден**, балуан, туғанына - 85 жыл (1934-1997).
- 19- **Семей полигонында** соңғы жарылыстытың өтуіне 30 жыл (1989).
- 29- **Поляков Владимир Борисович** 65 жаста (1954) жазушы, Шеманаиха ауданының тумасы.

Қазан

- 1- **Ф. М. Достоевский** атындағы драма театрының ашылуына 85 жыл (1934).
- 14- **Мұқанова Роза** 55 жаста (1964 ж.) – жазушы, драматург.
- 14- **Ешенұлы Талғат** 45 жаста (1979), Журналист, ақын Аягөз ауданының тумасы.
- 20- **Жүнісова Кулиман** туғанына 85 жыл (1924-1999), жазушы.
- 23- **Суптель Иван Игнатъевичтің** туғанына 100 жыл (1919-1975), Совет Одағының батыры.
- 26- **Өскемен әйелдер гимназиясының** ашылуына 105 жыл (1914).
- 28- **Тепфер Николай** 60 жаста (1959), математик, музыкант, сазгер, Өскемен қаласының тумасы.
- 29- **Үлбі металл заводының** ашылуына 70 жыл(1949).
- 31 **Черных Станислав Евгеньевич**, жазушы-өлкетанушы,

туғанына 85 жыл
(1934 – 1991).

«Рубцовка - Риддер» темір жолының ұзартылғанына 80 жыл.

Семей Педагогикалық институтының құрылуына 85 жыл (қазір Семей Мемлекеттік педагогикалық институт) (1934).

Қараша

- 5- **Новоселов Александр Ефремович** туғанына 135 жыл (1884-1918) жазушы, этнограф.
- 5- **Семе етконсерві комбинатына** 85 жыл (1934).
- 6- **Сахариев Баламер**, Қазақ совет әдебиет зерттеушісі, сыншы, филология ғылымының кандидаты, туғанына 90 жыл (1929 – 1979).
- 6- **Өскеменде бірінші трамвай** жіберілгеніне 60 жыл (1959).
- 7- **Жаһит Марат**, самбошы, туғанына - 75 жыл (1944).
- 12- **Қабден Рахманқұлұлы Байдосов** 85 жаста (1934-1996) — палуан, еркін күрестен тұңғыш қазақстандық спорт шебері (1955), Қазақстанның 6 дүркін чемпионы (1955—60), Қазақстанның еңбек сіңерген жаттықтырушысы (1964).
- 14- **Рызов Георгий Тимофеевичке** 10 жыл (1919-1997) Совет Одағының батыры.
- 19- **Балыкин Михаил Данилович** 95 жаста (1924-2000) ақын, аудармашы, мысал жазушы.
- 22- **Афанасьев Александр Андреевичке** 110 жыл (1909), Ұлы Отан соғысына қатысушы, «Звено Алтая» әдеби бірлестігінің мүшесі, ССРО журналистер Одағының мүшесі.
- 24- **Сумин Андрей Васильевичтің** туғанына 100 жыл (1919-1986), Совет Одағының Батыры.
- 27- **Әбдешев Заманбек**, ақын, аудармашы, туғанына - 70 жыл (1949).

- 30- **Рыпакова Ольга Сергеевна**, Қазақстанның жеңіл атлеті, туғанына - 35 жыл (1984).

Желтоқсан

- 2- 100 жыл бұрын Семей қаласының «**Знамя борьбы и труда**» газетінің бірінші номері шықты (1919).
- 3- **Иванов Григорий Федосеевич** туғанына 100 жыл (1919-1945), Совет Одағының Батыры.
- 4- «**Семей таңы**» газетінің бірінші номерінің жарыққа шыққанына 100 жыл (1919).
- 8- **Дүйсенғазин Серікзат**, айтыскер ақын, филология ғылымдарының кандидаты, доцент, туғанына - 45 жас (1974).
- 11- **Бекхожина Талиға 100 жаста** (1919-1995), әнші, музыкавед, Семей қаласының тумасы.
- 13- **Данилов Иван Петровичке** 135 жыл (1884-1975), Азамат соғысына қатысушы (1917-1922), Өскемен қаласының құрметті азаматы.
- 15- **Александров Николай Павлович**, суретші, график, мүсінші, туғанына 95 жыл (1924).
- 16- **Төлегенова Бибігүл Ахметқызы** 90 жаста (1924), Әнші, КСРО және Қазақстан халық әртісі, Қазақстанның еңбек сіңірген әртісі, КСРО және Қазақстан мемлекеттік сыйлығының иегері, Социалистік Еңбек Ері.
- 16- **Будник Гаврил Дмитриевичке** 95 жыл (1924-1974), Совет Одағының Батыры.
- 17- **Бурнашов Александр Афанасьевичке** 105 жас (1914-1974), Совет Одағының Батыры.
- 18- **Тұрлыбаев Елтай Қатпанұлы**, жазушы, тілші, педагог, туғанына - 90 жыл (1929).
- 20- **Балшабеков Хамит** 80 жаста (1939-2007), ақын, Тарбағатай ауданының тумасы.
- 21- **Крючков Иван Афанасьевичке** 105 жыл (1914-1985),

ҚССР еңбегің сіңген әртіс, ШҚ Жамбыл атындағы театрының әртісі.

23- **Васильев Павел Николаевич**, ақын, туғанына - 110 жыл (1909).

24- **Сүндетбаев Самат Слямбекұлына** 90 жыл (1929-1967), Абай ауданының тумасы, қазақтың бірінші дипломаты, қоғам қайраткері.

Айы мен күні белгісіз аталып өтілетін мерейтой иелері

Ғаббасов Сабыржан Ғарапшаұлы, қоғам қайраткері, журналист, туғанына - 130 жыл (1889).

Жақсылықов Аслан, жазушы, аудармашы, әдебиеттанушы, туғанына - 65 жыл (1954).

Жомартбаев Тайыр, жазушы, драматург, педагог, туғанына - 135 жыл (1884).

Бердіұлы Есентай, педагог, халық ақыны, туғанына -125 жыл (1894).

Толғанбаев Әйткеш, қазақтың тұңғыш кәсіби скрипкашысы, туғанына - 95 жыл (1924).

Бердәулетұлы Жәнібек батыр, шешен, Абылай ханның ту ұстаған батырларының бірі, Керейлер қолбасшысы, туғанына -305 жыл (1714).

Жәнібек Қызыр, ақын, туғанына - 70 жыл (1949).

Қаңтар

6 қаңтар



Авдеев Николай Дмитриевич, 2-дүниежүзілік соғысқа қатысушы, Кеңес Одағының Батыры, туғанына - 100 жыл. 1919 жылы 6 қаңтарда Шығыс

Қазақстан Облысы Көкпекті ауданының Ақой ауылында дүниеге келген. Майданға 1942 жылдың қазан айында аттанды. 8-гвардиялық авиаполктің эскадрилья штурманы, гвардия капитаны болған Н.Авдеев жау тылына 201 рет жауынгерлік ұшуды ойдағыдай жүзеге асырды. Ленин, Қызыл Ту ордендерімен марапатталды. 1944 жылы 19 тамызда ерлікпен қаза тапты. КСРО Жоғарғы Кеңесі Жарлығымен Кеңес Одағының Батыры атағы берілді.

8 қаңтар

Рейхерд Дмитрий, фристайлдан халықаралық дәрежедегі спорт шебері, туғанына - 40 жыл. 1989 жылы 8 қаңтарда Өскемен қаласында дүниеге келген. Алты мәрте Қазақстан Республикасының чемпионы, 2005 жылғы Уфа қаласында өткен Ресей кубогының иегері. 2007 жылғы жасөспірімдер арасындағы әлем чемпионы, Еуропа кубогы кезеңдерінің төрт дүркін жеңімпазы, Америкада өткен әлем чемпионатының қола жүлдегері. 2011 жылғы Қысқы Азия ойындарында могулде Іорынды иеленді.



10 қаңтар




Құмарбеков Мүсілім, журналист, жазушы, туғанына - 80 жыл. 1939 жылы 10 қаңтарда Шығыс Қазақстан облысының Ұлан ауданында туған. ҚазМУ-ді бітірген. Шығыс Қазақстан облыстық «Коммунизм туы» (қазіргі «Дидар») газетінде ұзақ жылдар бойы қызмет істеген. «Ақ Ертіс», «Иртыш» атты қазақша-орысша шығатын әдеби, мәдени журналда редактордың орынбасары қызметін атқарған. Қазір «Дидар» облыстық газеті редакторының орынбасары қызметін атқарады. Жазушының «Алтайдың ардагері», «Қыз күлкісі», «Асау Ертіс», «Шынар», «Алтайым - алтын бесігім», «Жастық жағалауы» атты кітаптары

бар. 2003 жылы «Фолиант» баспасынан «Жар жағасындағы үй» повестер жинағы, «Базальт» баспаханасынан «Тауқымет» атты романы жарық көрді. Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі.

11 қаңтар

Облыстық «Уба санаторийінің» құрылғанына – 45 жыл. 1974 жылы 11-қаңтарда Шығыс Қазақстан облысы Шемонаиха ауданы Выдриха ауылында, Уба өзенінің жағалауында ашылған. 100 орынды «Уба санаторийі» ардагерлерге арналған. Ауданның туристік шамасы табиғаттық дем алатын орындар қорымен, Выдриха ауылында «Уба санаторийі» ММ Мыс-химиялық комбинатының санаторий-профилактикалық кешенінің барлығымен сипатталады.




12 қаңтар



Байбатыров Ғалым, ақын, журналист, драматург, туғанына - 70 жыл. 1949 жылы 12 қаңтарда Шығыс Қазақстан облысының Зайсан қаласында туған. 1967 жылы Зайсан ауданының Дайыр ауылында орта мектепті бітіріп, Кеңес армиясы қатарында әскери борышын өтеп келген соң, 1976 жылы ҚазМУ-дың журналистика факультетін тәмамдаған. Еңбек жолын Зайсан аудандық «Достық» газетінде бастап, 1976 жылы облыстық «Коммунизм туы» (қазіргі «Дидар») газетіне ауысып, осы газетте табан аудармай 25 жыл қызмет етті. Ал 1982 жылы «Жазушы» баспасынан «Сәуір самалы», 1999 жылы «Әл-Фараби» баспасынан «Үміттің оты сөнбейді», 2000 жылы Өскемендегі «Шығыс» баспасынан «Арман дүние» атты өлеңдер жинағы жарық көрген. Сондай-ақ, Ғ. Байбатыров -

«Шежірелі Шығыс өңірі» (2006), «О дүниенің табалдырығы» (2007) және «Жүрегіміңнің жанары» (2008) жинақтарының авторы. Оның «Өңім бе, ойбай, түсім бе?», «Албасты» операциясы» және «Отан үшін» деген пьесалары сахналанған. Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, Қазақстан Журналистер одағы сыйлығының иегері, бірнеше мүшәйралардың жүлдегері.

15 қаңтар



Бажов Павел Петрович, жазушы, туғанына -140 жыл. 1879 жылы 15(27) қаңтарда Ресей империясы Пермск губерниясындағы Екатеринбург уезінде Сысертск зауытында дүниеге келген. 1918 жылдың маусымынан Өскемен қаласына келіп, қызмет ете бастады. П.П.Бажов Өскемен уезінде тұрған кезінде халықтық білім бөлімінің меңгерушісі, «Советская власть» газетінің редакторы болған. Оның бастамасымен және өзінің тікелей қатысуымен Халықтық Үйде (қазір Жамбыл атындағы облдрамтеатр) уезде тұңғыш қазақ ұлттық тобы құрылды, селолық кітапханалар мен оқу үйлері ашылды, халық сауатсыздығын жою жөнінде жұмыс жүргізілді. Сталин премиясының 2-дәрежелі лауреаты (1943), Ленин орденімен марапатталған. 1950 жылы қайтыс болған.

24 қаңтар



Рубусин Сергей Михайлович, 2-дүниежүзілік соғысқа қатысушы, Кеңес Одағының Батыры, туғанына - 95 жыл. 1924 жылы 24 қаңтарда Барнаул қаласында

дүниеге келген. 1930 жылдардан бастап Семей қаласында тұрған. 15 жасында литейщик болып жұмыс істейді. Теміржол әскерінде қызмет етіп жүріп, 1942 жылы Қызыл Әскерге шақырылды. Майданда 1943 жылдың тамыз айынан бастап болған. 47-жеке ранецті отатқыштар батальонының отатқышы, қатардағы жауынгер С. Рубусин 1945 жылдың ақпан айында Штейнау қаласының (Польша) тірек пункттерін жою кезіндегі ұрыста ерекше көзге түсті. 20-дан астам гитлершілердің көзін жойды. Осы шайқаста өзі де ерлікпен қаза тапты. КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1945 жылғы 10 сәуірдегі Жарлығымен С. Рубусинге Кеңес Одағының Батыры атағы берілді және Ленин орденімен марапатталды. Семей қаласы көшелерінің бірі батыр есімімен аталған.

24 қаңтар

«Защита-Зырян» темір жолының ашылғанына – 65 жыл. Ол 1954 жылы 24 қаңтардан жұмыс істеуде. 1954 жылдың 13 сәуірінде Защита – Зырян темір жол торабымен паровоз депосын құру туралы бұйрық шығарылды. Аталмыш депо өз алдына 1956 жылы берілді. 1958 жылы Қазақ темір жолы құрылып, ол бір орталықтан Алматыдан басқарылатын. 12-ші паровоз паркі осы күннен бастап Қазақ темір жолының нөмір 15-ші негізі паровоз паркі болып танылды. 1960 жылдардан бастап Зашиадан Зырянға дейінгі тұйықталған темір жол желісі Зырындағы айналмамен қатар іске қосылды.

Ақпан

12 ақпан



Ғаббасов Советхан, жазушы-дәрігер, медицина ғылымдарының кандидаты, педагогика ғылымдарының докторы, туғанына - 80 жыл. 1939 жылы 12 ақпанда Шығыс Қазақстан облысының Зайсан ауданындағы Сұңқар ауылында дүниеге келген. 1959 жылы Зайсан аудандық партия комитетінің жолдамасымен, Алматы Мемлекеттік медицина институтының емдеу факультетіне студент болып қабылданды. Еңбек жолын 1966 жылы емханада дәрігер-хирург болып бастап, медицина ғылымымен айналысты. «Медицина ғылымдарының кандидаты» деген ғылыми атағын алды. Қазақтың клиникалық және экспериментті ғылыми-зерттеу хирургия институтының аға ғылыми қызметкері болып жүріп, «Асқазан операциясының жаңа әдісі» атты ғылыми жаңалығын ашады. «Қыран қия», «Өскен ұя», «Мейірім» әңгімелері, «Серпер», «Нәзік сезім», «Кәусар», «Қандауыр», «Воззрение» романдары және «Ізгілік әліппесі», «Халық педагогикалық негізі» оқулықтары мен монографиялары жарық көрген. 2000 жылы Алматыға оралып, «Мектепке дейінгі тәрбие» ғылыми-зерттеу институтының директоры болып тағайындалды және медицина мен педагогика ғылымдарының докторы, Қазақстанның Еңбек сіңірген қайраткері, КСРО денсаулық сақтау ісінің үздігі, Зайсан ауданының құрметті азаматы, Махамбет атындағы сыйлықтың лауреаты, «Алаш үні» қоғамдық бірлестіктер одағының төрағасы, Халықаралық М. Нострадамус атындағы проскофиялық Академиясының толық мүшесі – академигі, профессор.



18 ақпан

Ибрагимов Төкен, жазушы,

әдебиеттанушы, абайтанушы, туғанына - 80 жыл. 1939 жылы 18 ақпанда бұрынғы Семей облысы Ақсуат ауданының «Жаңа несіп» ұжымшарына қарасты Кезеңшілік ауылында туған. 1957 жылы орта мектепті, 1964 жылы КазПИ-дің тарих-филология факультетін және 1975 жылы аспирантурасын бітірген. 1964-1969 жылдары мектепте тәрбиеші, қазақ тілі мен әдебиеті және тарих пәндерінің мұғалімі, оқу ісінің меңгерушісі болып қызмет істеген. 1969-1976 жылдары Семей облыстық теледидардың редакторы, аға редакторы, 1976 жылдан Абайдың республикалық әдеби-мемориалдық мұражайының және Қазақстан Жазушылар одағы Семей қалалық филиалының директоры болды. Қазақстанның еңбек сіңірген қызметкері, Абай ауданының, Семей қаласының Құрметті азаматы. «Құрмет» орденімен, «Қазақстан Республикасының тәуелсіздігіне - 10 жыл», «Қазақстан Парламентінің 10 жылдығы» медальдарымен марапатталған.

26 ақпан



Халықаралық «Невада-Семей» антиядролық қозғалысына - 30 жыл. Ядролық жарылысқа қарсы халықаралық қозғалыс – қоғамдық-саяси ұйым, 1989 жылы 26 ақпанда құрылып, қазан айында ресми тіркелді. Республика халқынан кеңінен қолдау тапқан қозғалыс ядролық жарылыстарға қарсылық білдіріп, әлемдегі ядролық қауіпті жойып, Семей ядролық полигонында ядролық сынақтарды тоқтатуға қол жеткізді. Қазақстанның көптеген қалалары мен Ресей, АҚШ, Италия, Жапония, Түркия, т.б. елдерде ұйымның бөлімшелері құрылған. Қозғалыстың белсенді қызметінің арқасында БҰҰ БА-ның 53-сессиясы “Қазақстандағы Семей өңірі адамдары денсаулығы мен

экологиясын сауықтыру және экономикасын дамыту мақсатындағы халықаралық ынтымақтастық пен іс-қимылды үйлестіру” қарарын қабылдады.

28 ақпан



Сейсенұлы Дәулет, журналист, туғанына - 70 жас. 1949 жылы 28 ақпанда туған. Білімі жоғары, Қазақ Мемлекеттік Ұлттық университетін бітірген. Ол облыстық, республикалық, еларалық газет-журналдарда, облыстық партия комитеті мен облыстық әкімшілікте қызмет істеді. Қазіргі уақытта республикалық «Егемен Қазақстан» газетінің Семей өңірі бойынша тілшісі ретінде жемісті еңбек етіп келеді. Қазақстан Журналистер одағы сыйлығының лауреаты. Абай аудандық мәслихатының арнайы шешімімен оған 1995 жылы «Абай ауылының құрметті азаматы» атағы беріліп, сол атақты айғақтайтын күміс орденмен марапатталды. Ел тәуелсіздігінің он жылдығына орай Елбасының Алғыс хатымен марапатталған. 2003 жылы журналистика саласы бойынша облыс әкімі сыйлығының лауреаты атанды. Семей қаласының құрметті азаматы.

28 ақпан



Юровская Ольга, жазушы, туғанына - 80 жыл. 1939 жылы 28 ақпанда Семей қаласында дүниеге келген. 1961 жылы Семей педагогикалық институтын бітірген. «Прииртышская правда», «Знамя Коммунизма» облыстық газеттерінде әдеби қызметкер, Өскемен облыстық радио хабары мен теледидар жөніндегі комитетінің, «Қазақстан» баспасының редакторы, «Вечерняя

Алма-Ата» газетінің тілшісі, бөлім меңгерушісі болып істеген. Бірнеше медальдармен марапатталған.

Наурыз

8 наурыз



Өмірзақова Әмина Ерғожақызы, театр және кино актрисасы, Қазақстанның Халық әртісі, туғанына - 100 жыл. 1919 жылы 8 наурызда Шығыс Қазақстан облысы Абай ауданы Қарауыл ауылында дүниеге келген. 1938 жылы Ленинградтағы сахна өнері техникумының қазақ студиясын бітірген. 1938-1940 жылдары Шымкент облыстық драма театрының, 1940-1942 жылдары қазіргі Қазақ мемлекеттік академия драма театрының труппасында, ал 1942-1949 жылдары “Қазақфильм” студиясында қызмет атқарды. 1949 жылдан Қазақ балалар мен жасөспірімдер театрының актрисасы болды. 1942 жылдан бастап киноға түскен. Қазақстан және Орта Азия республикаларының кино өнері бойынша өткен байқаудың 1-сыйлығы, 1964 жылы; Қазақ КСР-і Мемлекеттік сыйлығы, 1966 жылы, Тана “Тақиялы періште”, 1968; Алматы қаласында өткен Қазақстан және Орта Азия республикаларының 8-кино өнері байқауының сыйлығы, 1969 жылы, т.б. Отан, Еңбек Қызыл Ту ордендерімен және медальдармен марапатталған. 2006 жылы 26 қыркүйекте Алматы қаласында дүниеден озды.

10 наурыз



Тілегенов Бекежан, жазушы, туғанына - 85 жыл. 1934 жылы 10 наурызда, қазіргі Шығыс Қазақстан облысы Жарма ауданы Георгиевка ауылында дүниеге келген. 1957 жылы ҚазМУ-дің филология факультетін бітірген. 1957-65 ж. "Лениншіл жас" (қазіргі "Жас Алаш") газетінде, 1965-68 ж. сол кездегі Қазақстан Компартиясы Алматы қалалық комитетінде, 1968-69 ж. Әдебиет және өнер институтында, 1969-75 ж. Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінде қызмет істеген. 1975-88 ж. "Жұлдыз" журналының бас редакторы әрі Қазақстан Жазушылар одағының хатшысы, 1988-92 ж. шығармашылық жұмыста болған. 1993-96 ж. Қазақстан Тіл комитетінің бөлім бастығы қызметін атқарған. Алғашқы "Таң нұры" әңгімелер жинағы 1965 ж. жарияланған. "Көктем де ызғарлы" (1966), "Сені қайдан табамын" (1985) повестері, "Аққайнар" (1976), "Уақыт" (1981) романдары жарық көрген. Бірқатар шығармалары орыс тіліне аударылып, "Атамекен" (1986) таңдамалысы басылды. 1981 жылы "Құрмет белгісі" орденімен, медальдармен марапатталған. 1998 жылы 10 ақпанда Алматы қаласында өмірден өтті.

22 наурыз



Өскемен Спортшылар сарайының ашылғанына - 50 жыл. Ол 1969 жылы 22 наурызда ашылды. Спорт сарайына Олимпиада чемпионы, Қазақстанның хоккейден олимпиада құрамасының бірінші жаттықтырушысы Александровтың есімі берілді.

25 наурыз

Клименко Трофим Михайлович, 2-дүниежүзілік соғысқа қатысушы, Кеңес Одағының Батыры, туғанына - 100 жыл.



1919 жылы 25 наурызда Таврия ауданы Украинка ауылында дүниеге келді. Ушанов атындағы Өскемен мектебінің 7 сыныбын бітіргеннен кейін 1937 жылы Алматы темір жол техникумына оқуға түсті. Келесі жылы әскер қатарына шақырылып жаяу әскер училищесіне оқуға жіберілді. 1941 жылғы тамыз айынан бастап майданда 5 рет жарақаттанды. Атқыштар взводының командирінен батальон командиріне дейін өсті. Мәскеудің қорғанысы, Сталинград және Орел-Курск доғасы астындағы шайқастар, Польшаның азаттығы – гвардия майоры Клименконың майдандық өмірінің хроникасы осындай. Батырлығы, ерлігі, командирлік іскерлігі үшін гвардия майоры Т.М.Клименко 1944 жылғы 23 қыркүйекте Кеңес Одағының Батыры атағына ие болды. Ленин, 2 рет Қызыл Ту, 1-дәрежелі Отан соғысы, «Қызыл Жұлдыз» ордендерімен, медальдармен марапатталған.

30 наурыз



Чернов Алексей Иванович, 2-дүниежүзілік соғысқа қатысушы, Кеңес Одағының Батыры, туғанына - 95 жас. 1924 жылы 30 наурызда Сандықтау ауданы Балкашино ауылында дүниеге келген. Соғыс және еңбек ардагері. 1940–41ж. Балкашино өрттен қорғау мекемесінде жұмыс жасады. Ридер қаласының маңындағы Белоусов кенішінде жұмыс жасаған. 1942 ж. Кеңес армиясы қатарына алынып, 13-гв. армияның 121-гв. атқыштар дивизиясының 313-гв. артиллерия полкінде зеңбірек көздеушісі болды. Елге оралған Чернов «Құрылыммеханизациясы» тресінде диспетчер, механик, бас инженер, көлік конторының бастығы қызметтерін атқарған.

1949 жылы Өскемен құрылыс механизациясы техникумын бітірген. Ленин, Қызыл Ту, 1-дәрежелі Отан соғысы ордендерімен марапатталған.

31 наурыз

Пржевальский Николай Михайлович, ғалым-географ, саяхатшы, туғанына - 180 жыл. 1839 жылы 31 наурызда



Смоленск облысы, Кимборво деревнясында туған. Әскери академияны 1863 жылы бітірген соң Варшавадағы юнкер мектебіне оқытушы болып тағайындалады. 1867 жылы Варшавадан Петербургке келіп, Қиыр Шығыстың ең бай Уссури өлкесін зерттеуге

аттанады. Орталық Азияны зерттеудегі саяхаттарының бәрі де Семенов-Тянь-Шанскийдің басшылығымен жүргізілді, ол - жаратылысты тәжірибе жүзінде зерттеп танудың атасы, Европа ғалымдарының аяғы баспаған Орталық Азияның табиғаты мен оның байтақ даласын бірінші болып зерттеген ғалым және үздіксіз 20 жыл жорықта болып, құпиялы жердің сырын ашуды мақсат тұтты. Н.М.Пржевальский ғылымға қосқан үлесі үшін Берлиннің, Лондонның, Италия мен Шведтің географиялық қоғамдарының жоғары дәрежелі медальдарымен наградталған.

Сәуір

3 сәуір

Ғафур Аслан, айтыскер ақын, туғанына - 40 жыл.



1979 жылы 3 сәуірде Шығыс Қазақстан облысы Тарбағатай ауданының Қабанбай батыр ауылында дүниеге келген. С. Аманжолов атындағы ШҚМУ-ді тәмәмдаған. Бүгінде осы университетте «Жастар саясаты орталығы» бастығының орынбасары

болып қызмет атқарады. Республикалық оқушылар арасында өткен ақындар айтысының 1-орын иегері. Халықаралық «Шабыт» фестивалінің айтыс номинациясы бойынша лауреаты. Қырғызстанда, ҚХР –да өткен халықаралық ақындар айтысында 2 орынды иеленген. Монғолиядағы Баян Өлгий қаласының 70 жыл толуына арналған ақындар айтысында жеңімпаз атанып, МДП-ның 20 жылдығына арналған «Достық» медалімен марапатталған. Астана қаласының 11 жылдығына арналған «Астана мыңжылдықтар тоғысында» атты республикалық ақындар айтысының бас жүлдегері. 2010 жылы өлеңдер мен айтыстардан құралған «Толағай» атты жинағы жарық көрді.

5 сәуір

Көшеров Оралхан, әнші, сазгер, туғанына - 60 жыл.

1959 жылы 5-ші сәуірде Күршім ауылында дүниеге келген. Семей қаласының музыка училищесіне түсіп, бір курсын ғана тәмәмдайды. Күршім ауданының мәдениет бөлімінде қызмет атқарып, көптеген концерттер берген. Оны жұрт «Шығыстың Шәмшісі» деп атаған. Сазгер-әншінің

«Боздала», «Достарыма», «Туған жер», «Ескі әнді, шеше, қозғама», «Алғашқы махаббат», «Алтай», «Інілеріме», «Өскемен - әнім» атты әндері мен термелерін бүгін шығыстағы қазақтың бәрі айтады. Ол дарынды сазгер. "Ұланым, менің Ұланым" деген Мұрат Тастағановтың өлеңіне шығарылған әні де бар. 2004 жылы қайтыс болған.

12 сәуір



Сәтбаев Қаныш Имантайұлы, аса көрнекті қазақ геологы, қоғам қайраткері, Қазақ КСР Ғылым академиясының тұңғыш президенті, Қазақ КСРО ҒА-ның академиясының академигі, қазақстандық металлогения мектебінің негізін қалаушы, туғанына - 120 жыл. 1899 жылы 12 сәуірде туған жері бұрынғы Семей губерниясының Павлодар уезіндегі Ақкелін болысы (қазіргі Павлодар облысының Баянауыл ауданы). Геологиялық барлау мамандығы бойынша Томск технологиялық институтының тау-кен факультетін бітіріп келгеннен кейінгі Қаныш Сәтбаевтың бүкіл өмірі Қазақстанның минералдық ресурстарын және рудалық кендер генеалогиясын зерттеуге арналған. Оның геологиядан басқа ғылымдардан да, мәдениет саласында да, тарихтан да қалдырған ізі сайрап жатыр. Бірнеше мәрте КСРО және Қазақ КСР Жоғарғы Кеңестерінің депутаты, КСРО Министрлер Кеңесі жанындағы Лениндік және Мемлекеттік сыйлықтар жөніндегі комитеттің президиумының мүшесі. Ол төрт рет Ленин орденімен, Екінші дәрежелі Отан соғысы орденімен марапатталып, КСРО Мемлекеттік және Лениндік сыйлықтардың иегері болған. 1964 жылы 31 қаңтарда қайтыс болған.

16 сәуір



Бурлаченко Степан Филиппович, 2-дүниежүзілік соғысқа қатысушы, Кеңес Одағының батыры, туғанына - 105 жыл. 1914 жылы 16 сәуірде Семей облысы Ново-Шульба ауданының Алексеевка селосында дүниеге келген. КОКП мүшесі. Селолық мектепті бітірген. Слесарь, шофер болып істеген. Қызыл Армия қатарына 1942 жылдың қаңтарында шақырылып, Батыс, Сталинград, 1-Белорус майдандарындағы ұрыстарға қатынасады. Танкінің механик-жүргізушісі, гвардия кіші сержанты 1943 жылы екі рет жараланады. Ленин, Қызыл Жұлдыз, 2 рет 1-дәрежелі Отан соғысы ордендерімен марапатталған. КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1945 жылғы 27 ақпандағы Указы бойынша осы ұрыстағы батырлығы мен тапқырлығы үшін гвардия кіші сержанты С. Ф. Бурлаченкоға Кеңес Одағының Батыры атағы берілді. Степан Филиппович жаумен шайқаса отырып, Берлинге жетті. Соғыстан кейін бейбіт еңбекке оралды.

29 сәуі

Есдәулет Ұлықбек, ақын, аудармашы, ҚР Жастар Одағы сыйлығының, ҚР Мемлекеттік сыйлығының, Халықаралық «Алаш» сыйлығының иегері, туғанына - 65 жыл. 1954 жылы 29 сәуірде Шығыс Қазақстан облысы Зайсан ауданының Үлкен Қаратал ауылында дүниеге келген. 1977 жылы ҚазМУ-ді бітіріп, 1985 жылы Мәскеудегі әдебиет институты жанындағы жоғарғы курсты бітірген. Оннан астам жыр жинақтарының авторы. 2008 жылдан «Жұлдыз» журналының бас редакторы. Қазақстан Жазушылар одағы



басқармасының хатшысы. Қазақстан Журналистер академиясының толық мүше-академигі, М.Әуезов атындағы Семей университетінің құрметті профессоры, Еуразия әдеби журналдары Конгресі тұрақты кеңесінің мүшесі. «Құрмет» орденімен, Ресейдің «Есенин» алтын медалімен, Қазақстан Журналистер академиясының «Алтын жұлдыз» сыйлығымен марапатталған.

29 сәуір



Вербицкий Тимофей Сергеевич, 2-дүниежүзілік соғысқа қатысушы, Кеңес Одағының Батыры, туғанына - 110 жыл. 1909 жылы 29 сәуірде Шығыс Қазақстан облысы Шемонаиха ауданының Камышинка ауылында дүниеге келген. 1932-35 жылдары Кеңес әскері қатарында болды. Ұлы Отан соғысына 1943 жылы шақырылған. 759-атқыштар полкінің бөлімше командирі Вербицкий 1943 жылдың қазан айында Киевтің солтүстік жағында Днепр өзенінен өтіп, плацдармды кеңейту үшін болған ұрыста қатардан шығып қалған взвод командирін алмастырды. Батыл әрі тапқырлықпен қимылдап, тапсырманы орындады. 1944 жылдың қаңтар айында Киев облысы Вышгород ауданы Гута-Межигорская селосында ұрыста қаза тапты. Вербицкийге КСРО Жоғарғы Кеңесі Төралқасының Жарлығымен Кеңес Одағының Батыры атағы берілді. Ленин орденімен марапатталды.



«Өскемен конденсатор зауыты» АҚ - ның алғашқы өнімін шығарғанына - 55 жыл. Онда жасалатын конденсаторлар, конденсаторлық қондырғылар елімізде жоғарғы сұранысқа ие. Соңғы

онжылдықта өндіріс көлемінің артуы мен зауыттардағы, кен орындарындағы қондырғылар мен құралдардың ескіруіне байланысты техникалық базаны жаңарту қажеттілігі алға шықты.

Мамыр

11 мамыр



Сейітханов Амангелді, ақын, тележурналист, туғанына - 50 жас. 1969 жылы 11 мамырда Семей облысы Мақаншы ауданының Мақаншы ауылында дүниеге келді. 1989 жылы ҚазМУ-ге түсті. Жоғары оқу орнында білім алған жылдары айтыс өнеріне бет бұрып, бірнеше жыр додасында бәйге алды. «Қазақстан» телеарнасында қызмет істеді. Спорт жаңалықтарына арналған алғашқы ақпараттық «Құмсағат» бағдарламасы мен футболды насихаттау жөніндегі «Футбол, футбол...» бағдарламасы бірнеше байқауларда жүлде алды. 1997 жылы «Хабар» агенттігінен шақырту алып, бүгінге дейін сол телеарнада еңбек етуде. Елбасы алғыс хатын алып, жылдың үздік журналисі атанды. С. Бердіқұлов атындағы сыйлықтың иегері. «Қазақ спортына сіңірген еңбегі үшін» медалімен марапатталған.



Семейдегі Абай атындағы қазақ музыкалы-драма театрына - 85 жыл, бүкіл қазақ театры өнерінің қара шаңырағы болып саналады. 1934 жылы ғана ресми түрде бекітілді. Театр 80 жыл ішінде 300-ден астам спектакль қойып, жалпы саны 80 миллионға тарта көрермендерді қамтып,

халыққа тәрбие беруде маңызды роль атқарды. 1934 жылы Лияс Жансүгіровтың “Кек” пьесасымен шымылдығын ашқан театр, ондаған алыс-жақын шетел классиктерімен қатар, әлемдік драматургия дәрежесіндегі М. Әуезовтың, Ғ.Мүсіреповтың, Б.Майлиннің, Ғ.Мұстафиннің, Р.Ғамзатовтың, Ш.Айтматовтың шығармаларын сахнаға шығарды. “Еңлік - Кебек”, “Қаракөз”, “Қозы-Көрпеш – Баян-сұлу”, “Айман - Шолпан”, “Бөлтірік бөрік астында” пьесалары театр репертуарының алтын қорына айналды. Театрда үш Қазақстанның халық артисі: Күләш Сәкиева, Әбілқасым Жаңбырбаев, Бекен Имаханов; Қазақстанның еңбек сіңірген әртісі Шайзат Бахтинова, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Болат Ноғайбаев, 13 Мәдениет қайраткері, барлығы 60 адам еңбек етіп келеді. Симфония оркестрі және балет әртістері тобы бар. Театр - Каирде өткен Халықаралық және Республикалық фестивальдердің лауреаты.


15 мамыр



Берікқажыұлы Дәурен, ақын, туғанына - 45 жас. 1974 жылы 15 мамырда Семей облысы, Мақаншы ауданы, Қарабұта ауылында (қазіргі Шығыс Қазақстан облысы, Үржар ауданы) дүниеге келген. Қазақ мемлекеттік әлем тілдері университетінің түлегі. 1996-1999 жылдары орта мектепте, 1999-2002 жылдары әл-Фараби атындағы ҚазМУУ-да ағылшын тілінен дәріс берді. Қазір «Қазақстан» телерадиокомпаниясының аударма және дубляж бөлімінде қызмет етеді. Өлеңдері 1994 жылдан бастап республикалық газет-журналдарда жарияланып келеді. Шығармалары 2000 жылы жарық көрген «Сборник. Избранное», «Жас ақындар жырларының антологиясы» жинақтарына енген. 1996 жылы жарық көрген «Оттегім менің, от демім менің - жырларым»

және 2001 жылы «Отырар кітапханасы» сериясымен шыққан «Апtle tegidiet» жыр жинақтарының авторы. 2008 жылы «Гүл мен қылыш жырлары» атты жинағы жарық көрген.

15 мамыр



Ибраев Әйткеш Абайұлы, Кеңес Одағының Батыры, туғанына - 95 жас. 1924 жылы 15 мамырда бұрынғы Семей облысы Жаңасемей ауданының Новобаженово ауылында дүниеге келген. Симферополь пулеметтік - минометтік училищесіне оқуға жіберіледі. Аталмыш оқу орнын тәмамдаған соң командир қызметіне тағайындалады. Соғысқа 1942 жылы аттанған. Ол Батыс, Калининдік, Орталық, Брянск және 2-ші Беллоруссиялық майдандарында ұрысқа қатысады. Ленин, 2-дәрежелі Отан соғысы, Қызыл Жұлдыз ордендерімен марапатталған. Отан үшін Майдандағы ерекше еңбегі үшін КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумы қаулысы бойынша 1945 жылдың 24 наурыз күні Ә. Ибраевқа Кеңес Одағының Батыры атағы берілді. Белосток облысы Гродненский ауданы Нижние Погораны ауылы аумағындағы ұрыс кезінде ерлікпен қаза тапты.

20 мамыр



Туғанбаев Қашаф Айтжанұлы, ақын, туғанына - 95 жас. 1924 жылы 20 мамырда Семей облысы Абай ауданында Қайнар ауылында дүниеге келген. 1941 жылы осы ауданның орталығындағы орта мектепті тәмамдай сала Ұлы Отан соғысына аттанып, қан майданнан ауыр жарақатпен 1944 жылы оралған. Еңбек жолын туған жеріндегі аудандық

«Социалды шаруа» газетінде жауапты хатшы болып қызмет істеп, елуінші жылдары Семей қаласына қоныс аударып, облыстық мәдениет басқармасында, «Семей таңы» газетінің редакциясында қызмет істеген. Бірнеше жылдар Абай мұражайында директор болып сәтті еңбек етті. Өмірінің соңғы кезеңінде Абай атындағы Семей музыкалық драма театрында әдеби қызметкер болды. Өлең жинақтары – «Партбилет» (1958 ж.) және «Ақ бұлақтар» (1979 ж.) жарық көрген. «Қызыл Қатран» атты драмасы облыстық драма театрында он жылдай сәтті жүрген. 1993 жылы қайтыс болды.

29 мамыр



Блохин Евгений Анатольевич, хоккейші, туғанына - 40 жас. 1979 жылы 29 мамырда Өскемен қаласында дүниеге келген. Қазақстан құрамасының мүшесі. «Лада», «Ижсталь», «Мотор», ПМ ХК, «Металлург» (Новокузнецк), «Динамо» (Мәскеу), «Сібір», «Нефтехимик», «Югра» (Ханты-Манси)

хоккей командаларының құрамында ойнаған. Қазақстан құрамасының сапында екі әлем чемпионатына, 2006 жылы Туринде өткен Олимпиадалық ойындарға қатысқан. Шайбалы хоккейден 2009-2010 жылғы Ресейдің жоғары лигасы чемпионатының жеңімпазы. 2011 жылғы Қысқы Азия ойындарының чемпионы.

Маусым

2маусым



Аманжолов Алтай Сарсенұлы, түркітанушы, филология ғылымдарының докторы, профессор, туғанына - 85 жыл. 1934 жылы 2 маусымда Алматы қаласында дүниеге келген. 1957 жылы Мәскеу мемлекеттік университеті жанындағы Шығыс тілдері институтын бітірген. Қазақстан Ғылым Академиясының Тіл және әдебиет институтында кіші ғылыми қызметкер. 1966-1979 жылдары Қазақ мемлекеттік қыздар педагогика институтында доцент, кафедра меңгерушісі, 1976-1995 жылдары ҚазМУ-да кафедра меңгерушісі, көне түркі жазба орталығының директоры қызметтерін атқарған. «Көне түркі жазуының тарихы туралы деректер мен зерттеулер» деген тақырыпта докторлық диссертация қорғады. Аманжолов зерттеулерінің басты бағыты - көне түркі жазу ескерткіштерінің тілі, көне түркі жазуының тарихы, түркі тілдерінің салыстырмалы грамматикасы, түркі руникалық графикасы мәселелері. Осы салада бірнеше монографиясы, оқулықтары, ғылыми мақалалары жарық көрді. 1999 жылы «Құрмет» ордені, медальдармен және 2004 жылы «Қазақстан республикасының ғылымын дамытуға сіңірген еңбегі үшін» белгісімен марапатталған. 2012 жылы 9-қазанда қайтыс болған.

6 маусым



Жаппасұлы Еркін, жазушы, сықақшы, туғанына - 65 жас. 1954 жылы 6 маусымда Семей облысы, Ақсуат ауданы Екпін ауылында туған. 1971 жылы Ақсуат қазақ орта мектебін бітірген. Мектеп қабырғасында

жүріп, музыка мектебін қоса тамамдаған. 1971-1973 жылдары Ақсуат аудандық Пионерлер үйінің директоры қызметін атқарған. 1975 жылы Отан алдындағы азаматтық борышын өтеп оралған соң, аудандық музыка мектебінде ұстаз болған. 1982 жылы ҚазМУ-дің журналистика факультетін бітірген. «Қазақстан пионері» («Клан») газетінде, республикалық «Қазақкітап» кітап саудасы бірлестігінің насихат редакциясында еңбек еткен, «Қазақ әдебиеті» газетінде қызметті тілші болып бастаған. Қазір «Қазақ әдебиеті» газетінің Бас редакторының орынбасары. «Кімге күлкі, кімге түрпі?», «Ой, қытығым келеді...», атты т.б. сатиралық кітаптары жарық көрген. 2003 жылы «Қымсынбашы, қылықтым» атты кітабы үшін Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығы берілді. 2008 жылы «Жазушы» баспасынан «Мыңқетпес мыңқ етер емес» әзіл-сықақ әңгімелер жинағы жарық көрген. Шығармалары орыс, қытай тілдеріне аударылған. «Қазақстан», «Хабар» арналарының әзіл-сықақ хабарларының, «Тамаша» ойын-сауық отауының тұрақты авторы.

10 маусым



Шәкеев Нұрғазы, жазушы, аудармашы, журналист, туғанына - 90 жас. 1929 жылы 10 маусымда Шығыс Қазақстан облысы Тарбағатай ауданы Кіндікті ауылында дүниеге келген. Қазақ КСР-інің еңбек сіңірген мәдениет қайраткері. 1957 жылдан Журналистер одағының және 1978 жылдан Жазушылар одағының мүшесі. ҚазПИ-дің филология факультетін бітіріп, 1951-1969 жылдары “Социалистік Қазақстан” (“Егемен Қазақстан”) газетінің әдеби қызметкері, бөлім меңгерушісі, жауапты хатшысы, бас редактор, 1969-1972 жылдары “Мектеп” баспасында қызмет атқарып, 1972-1974 жылдары ҚР Баспа, 1974-1979 “Ара -Шмель” журналының

Бас редакторы, ал 1985-1987 жылдары “Қазақ Совет энциклопедиясының” жауапты хатшысы және Бас редакторының орынбасары болды. 1987 -1991 жылы “Кітап жаршысы - Друг читателя” басылымдарының Бас редакторы. 1993-1996 жылдары “Алаш-мирас” журналының жауапты хатшысы қызметтерін атқарды. И. Калашниковтың “Сұм заман” атты романын тәржімалағаны үшін Халықаралық “Алаш” әдеби сыйлығын алған (2005).

15 маусым



Көбдіков Төлеу, халық ақыны, туғанына - 145 жыл. 1874 жылы 15 маусымда Семей облысы, Шұбартау ауданы, ескіше Қарқаралы дуаны Дағанды болысында, 11- ауылдың Үшқара жайлауында дүниеге келген. Осы тұста Төлеу ақын ел басына түскен ауыртпалықты «Арқа сарыны», «1916 жыл» деген толғауларымен ашына жырлады. Ұлы Отан соғысы кезінде ақынның өлеңдері аудандық, облыстық газеттерде жарияланып тұрды. 1943 жылы облысаралық ақындар айтысына қатысты. 1948 жылы «Алып күшті Отаным», 1953 жылы «Өмір жыры», 1955 жылы «Өлеңдер», 1975 жылы «Жырларым» атты жеке жинақтары басылды. 1948 жылы «Қазақстанның халық ақыны» құрметті атағын республикада бірінші болып алған кісі, Қазақстан жазушылар одағының мүшесі. 1954 жылы Шар ауданында көз жұмды.

18 маусым



Филатов Валентин Михайлович, жазушы, туғанына - 90 жыл. 1929 жылы 18 маусымда Семей қаласында дүниеге келген. Ұлы Отан соғысына қатысқан. 1947 жылы ҚазМУ-дің журналистика факультетін

бітірген. Республикалық газеттерде әдеби қызметкер болды. 1963 жылдан шығармашылық қызметке көшкен. 1961 жылы «На Миусе» атты алғашқы повесті жарық көрді. 1970 жылы «Февраль – короткий месяц» атты повесті және әңгімелер жинағы шыққан. КСРО-ның бірнеше медальдарымен марапатталған. КОКП мүшесі.

20 маусым



Морозов Борис Филиппович, суретші, туғанына - 75 жыл. 1944 жылы 20 маусымда Песчанка ауылында дүниеге келді. Мәскеу қаласы Н. Крупская атындағы халықтық Бүкілодақтық өнер университетінің түлегі, сурет және бейнелеу өнері факультетінде оқыған. 1969 жылы Қазақстан Республикасы суретшілер Одағының мүшесі атағына ие болды. Облыстық, республикалық және бір халықаралық Германия, Чехословакия, Венгрия, Болгарияда экспонатталған көрменің қатысушысы. 30 жылдан астам уақытта балалардың "Ласточка" бейнелеу өнері студиясын басқарады. Шығыс гуманитарлық колледжі филиалында оқытушы. "Бейнелеу өнері" номинациясында мәдениетке қосқан үлесі үшін Шығыс Қазақстан облысы әкімі сыйлығының 2005 жылғы жүлдегері.

Шілде

11 шілде



Мұхамедиярова Раиса Мәжитқызы, актриса, туғанына - 80 жас. 1939 жылы 11 шілдеде бұрынғы Семей облысы Көкпекті ауылында туған. 1957-1958 жылдары - Қазақстан Компартиясы Сарыағаш аудандық комитетінде хатшы-машинист.

1960 жылдан «Қазақфильм» киностудиясының актрисасы. 1962 жылы Абай атындағы Қазақ мемлекеттік пединституты шетел тілдері факультетінің ағылшын бөлімін бітірген. 1995 жылдан Ғ. Мүсірепов атындағы Қазақ мемлекеттік жасөспірімдер мен балалар театрында актриса болды. 1995-2002 жылдары - Ғ. Мүсірепов атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық жастар театрында актриса. «Сплав» (1961), «И в шутку и всерьез» (1963), «Менің атым Қожа» (1963), «Балалық шаққа саяхат» (1968), «Однажды и на всю жизнь» (1977), «Бұғы адам» (1985), «Айсұлу туралы ертегі» (1987), «Түнек әміршісі» (1990) және тағы басқа фильмдерге түскен. Қазақ КСР Кинематографистер одағының мүшесі (1962 жылдан). Қазақ КСР Еңбек сіңірген әртісі (1990).

13 шілде



Шмидт Александр Райнгольдович, акын, туғанына 70 жыл. 1949 жылы қазіргі Шығыс Қазақстан облысы Жаңасемей ауданының Новопокровка ауылында туған.

1968 жылы ҚазМу-дің физика факультетіне оқуға түсіп, 1971 жылдан осы университеттің журналистика факультетінде оқиды. Талдықорған және Семей облыстық телерадиокомитеттерінде істеген. 1981-1984 жылдары «Жалын» баспасында редактор, бөлім меңгерушісі, Қазақстан Жазушылар одағында орыс поэзиясы жөніндегі әдеби кеңесші, «Жазушы» баспасында аға редактор болды.

«Земная ось» (1980), «Родство» (1983) жыр жинақтары шыққан.

18 шілде



Тілеуханов Төлек, жазушы, туғанына - 80 жыл. 1939 жылы 18 шілдеде бұрынғы Семей облысының Шұбартау ауданында туған. 1964 жылы Қазақ мемлекеттік университетінің филология факультетін бітірген. 1964-1969 жылдары мектепте мұғалім, оқу ісінің меңгерушісі, мектеп директоры, 1970-1988 жылдары «Жазушы» баспасында редактор, редакция меңгерушісі, 1992-1995 жылдары «Айқап» баспасында бас редактор болып істеген. 1996 жылдан бастап «Жұлдыз» журналында бөлім меңгерушісі. Австралия жазушысы А. Маршаллдың «Мен секіріп ойнай аламын» повесін, Р.Тагордың, А.Чеховтың, словак жазушысы Андрей Плавақтың, өзбек жазушысы Х.Нәзірдің, орыс жазушысы А.Беляевтің, үнді жазушысы А.М.Нуридін әңгіме, повестерін аударған. Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты (2005).

20 шілде



Щербаков Борис Васильевич, жазушы-натуралист, туғанына - 80 жыл. 1939 жылдың 20 шілдесінде Шығыс Қазақстан облысының Өскемен қаласында дүниеге келген. Алғашқыда ол қанатты құстарды байқап қадағалап жүреді де, кейін бірыңғай орнитологияның ғылыми-зерттеу жұмысымен шұғылданады. 1967 жылы Өскемен педагогикалық институтының (қазіргі ШҚМУ) биология факультетін тәмамдаған. ҚР ҰҒА-ның Зоология институтында орнитолог болды. Биология ғылымының кандидаты дәрежесін қорғаған. Б. Щербаков жиырма жылға жуық жас натуралистердің облыстық станциясының зоологиялық үйірмесін басқарған. «Айлы мекеннің

тұрғыны», «Қоңыраулы өзеннің жағасында», «Күздің алтын соқпақтары», «Жасыл үй», «Таусылмас соқпақтар» прозалық кітаптардың авторы.

28 шілде



Павлов Борис Тимофеевич, 2-дүниежүзілік соғысқа қатысушы, Кеңес Одағының Батыры, туғанына - 100 жыл. 1919 жылы 28 шілдеде Шығыс Қазақстан облысының Өскемен қаласында дүниеге келген. Орта мектепті Ленинград (қазіргі Санкт-Петербург) қаласында бітіргеннен кейін Әскери-теңіз училищесін үздік бітіріп шықты. 1941 жылы Солтүстік флотқа торпедалық катердің командирі ретінде жіберілді. 1942 жылдың мамырынан Ұлы Отан соғысына қатысты. 1944 жылдың қыркүйегіне қарай Павлов жаудың 2 көлігі мен күзет кемесін жойды. 1945 жылы 5 қарашада Павловқа ерлігі үшін КСРО Жоғарғы Кеңесі Төралқасының Жарлығымен Кеңес Одағының Батыры атағы берілді. Соғыстан кейін Әскери-теңіз флотында қызметін жалғастырды. 1974 жылы запасқа шығып, Санкт-Петербург қаласында тұрды. Ленин, 1-дәрежелі Отан соғысы, 2 рет Қызыл Ту ордендерімен және көптеген медальдармен марапатталған.

28 шілде



Ақтаев Талғат, самбо күресінен жастар арасында Әлем чемпионы, туғанына - 55 жыл. 1964 жылы 28 шілдесінде Шығыс Қазақстан облысы Ұлан ауданының (бұрынғы Таврия ауданы) Пролетарка ауылында дүниеге келген. Шығыс Қазақстан Педагогикалық институтының дене тәрбиесі

бөлімін бітірген. 1982 жылы самбо күресінен жастар арасында Әлем чемпионы. Өткен ғасырдың 80-ші жылдарында Қазақстанның ең атақты палуандарының бірі. Дзюдо және самбо күрестерінен КСРО спорт шебері және Қазақ КСР-інің бірнеше дүркін чемпионы.



Өскемендегі **Облыстық балалар және жасөспірімдер кітапханасының ашылғанына - 60 жыл (1959 ж.)** А. П. Гайдар атағын алғанына - 55 жыл (1964

ж.), 2002 жылы Облыстық балалар және жасөспірімдер кітапханасы мәртебесін алды. 1964 жылы – балалар жазушысы А. П. Гайдардың 60 жасқа толу мерейтойына байланысты кітапханаға жазушының есімі берілді. 2001 жылы – толық түзету жұмысы мен қайта өңдеуі бар жеке орналасқан ғимарат алды. 2003 жылы – Облыстық балалар және жасөспірімдер кітапханасы мәртебесін алып, штат қызметкерлерінің саны артты. Кітапхана миссиясы: кітапхана тұтынушыларының ақпараттық ресурстарды еркін пайдалануына жол ашу. Кітапхана басшысы – Балташова Күлмария Балташқызы. Бүгінгі таңда Шығыс Қазақстан облыстық балалар және жасөспірімдер кітапханасында 10 арнаулы құрылымдық бөлімдер жұмыс істейді: қорды қалыптастыру, кітап қорын сақтау, ақпараттық-библиографиялық, инновациялық-әдістемелік, ұлттық әдебиет және өлкетану, қызмет көрсету, шетел әдебиеті, бос уақыт және мәдени шараларды ұйымдастыру, маркетинг, кітапхананы дамыту бөлімдері. Сонымен қатар кітапхана 16 аудандық кітапханалардың орталығы болып табылады.

Тамыз

9 тамыз



Кузнецов Павел Николаевич, ақын, аудармашы, журналист, туғанына - 110 жыл. 1909 жылы 9 тамызда Шығыс Қазақстан облысы Солдатское селосында туған. Өскемендегі приход мектебінде және Семейдегі мектепте оқып, білім алған. 1920 жылы қызметін шығармашылық қызметке арнап, «Литература и искусство Казахстана» журналына редакторлық етеді. Ұлы Отан соғысына қатысқан жазушы 8-гвардиялық газеттің редакторы, содан соң «Правда» газетіне тілші болады. 1950 жылы жарық көрген «Жамбыл - внук Ыстыбая» атты романға 1953 жылы Жамбыл атындағы республикалық I дәрежелі сыйлық берілді. «Бақытын тапқан адам» деген атпен 1959 жылы қазақ тіліне аударылды. Қызыл Ту, I дәрежелі Отан соғысы, Қызыл Жұлдыз, «Құрмет белгісі» ордендерімен марапатталған. 1957 жылы қайтыс болған.

18 тамыз



Жақиянов Серікхан, айтыскер ақын, туғанына - 60 жыл. 1959 жылы 18 тамызда Шығыс Қазақстан облысы Тарбағатай ауданының Қабанбай ауылында дүниеге келген. 1974 жылы 8-сыныпты тәмамдап, кәсіптік-техникалық училищені бітірген соң тракторшы болып жұмыс істеді. 1977-1979 жылдары әскер қатарында болды. 1987 жылы ауылдық Мәдениет үйінің директоры, 1988 жылы аудандық мәдениет бөлімінде автокөліктер клубының меңгерушісі болып қызмет еткен. Алғаш 1986 жылы аудандық ақындар айтысында 1-орын алған

Серікхан кейін Талдықорған қаласында өткен «Біржанның інілері, Сараның сіңілілері» атты республикалық айтыста, Ақтөбе облысының 120 жылдығы мен Қ. Жұбановтың 90 жылдық мерейтойына арналған айтыстарда, Қабанбай батырдың 300 жылдық мерейтойына арналған республикалық ақындар айтысының 1-орын иегері.

26 тамыз



Әдібаев Хасен, жазушы, ғалым, филология ғылымының докторы, профессор, Қазақстанның еңбек сіңірген жоғары мектеп қызметкері, туғанына - 95 жыл. 1924 жылы 6 тамызда Шығыс Қазақстан облысы Шұбартау ауданының Қосағаш ауылында туған. Ұлы Отан соғысына қатысып, одан оралған соң Аягөз ауданында комсомол қызметінде болды. 1955 жылы ҚазМУ-дің философия бөлімін, 1959 жылы Абай атындағы ҚазПИ-дің аспирантурасын бітірген. «Уақыт және суреткер», «Көкжиек» әдеби сын еңбектері, «Талант, талғам, тағдыр» монографиясы, оқу орындары мен жоғары оқу орындарына арналған «Казакская литература» оқулықтары жарық көрген. Филология ғылымдарының докторы, профессор. Қызыл Жұлдыз, «Құрмет» ордендерімен, екі рет «Ерлігі үшін» медалімен марапатталған.

29 тамыз

Семей полигонында ядролық алғашқы сынақ жарылысына 50 жыл (Абралы ауданы Дегелең тауында таңғы сағ. 7-де 1949 жыл).

1989 жылдың ақпанында Семейдегі атом полигонын жабу үшін күресті бастауға ұйғарған «Невада -

Семей» қозғалысының алғашқы митингісі өткізілді. Оны басқарған – белгілі қоғам қайраткері, ақын Олжас Сүлейменов. Сол жылдың 6 тамызында Семей облысының Қарауыл ауылында ядролық қаруды сынауға мораторий жариялау жөніндегі ұсынысты КСРО және АҚШ Президенттеріне үндеу қабылданды. Онда былай делінген болатын: «Сайын даламыз ядролық жарылыстардан қалтырап бітті, сондықтан да онда ары қарай үнсіз қалу мүмкін емес. 40 жыл ішінде бұл арада мындаған Хиросималар жарылды. Біз келешекті қауіппен күтудеміз. Уайымсыз отырып, су мен тамақ ішу, өмірге нәресте әкелу мүмкін емес болып барады. Қазақстандағы ядролық қаруды тоқтату үшін, өз үйімізде бейбітшілік пен тыныштық орнату үшін, өз құқықтарымыз үшін күресу мақсатында біз «Невада - Семей» қозғалысын құрдық». Осы уақытқа дейін үнсіз тығылып келген халық бір дауыстан «ядролық қаруға жол жоқ!», «Сынақтар тоқтатылсын» деп мәлімдеді. Ядролық сынақтардың қатері жөнінде барлық бұқаралық ақпараттары құралдарында, телевидение мен газеттерде әңгіме бола бастады. Түрлі елдердің парламенттері өз сессияларында қозғалыс ұрандарын талқылап жатты. Радиациялық сәулелердің зардаптары жайлы дәрігерлер мен ғалымдардың ашық әңгіме қозғауға батылдары жетті. Бұқараның қысымымен Семей полигонындағы сынақтар саны азая бастаған еді. Халықтың бастамасымен тұңғыш рет КСРО Үкіметі ядролық қаруды сынауға тыйым салу – мораторий жасау туралы шешім шығарды. Қазақстан Республикасының егемендігі туралы Декларацияда ел ауағы ядросыз аймақ деп жарияланды. Қазақстан Президенті Н.Ә. Назарбаев Семей полигонын жабу туралы Жарлық шығарған күні – 1991 жылдың 28 тамызы. Сөйтіп тиянақтылық пен елімталдық көрсеткен қазақ халқы өз мақсатына жетті: ең үлкен полигон жабылып, атом қаруынан бас тарту әрекеті жасала

бастады. Семей полигоны жабылғаннан кейін Ресейдің, АҚШ пен Францияның полигондарында ядролық қаруды сынауға мораторий жарияланды. 1991 жылдың 29 тамызында Семей ядролық полигоны жабылып, 1992 жылдың мамырында оның базасында Курчатov қаласындағы Ұлттық ядролық орталық құрылды.

Қыркүйек

3 қыркүйек



Елеукенов Шарияздан Рүстемұлы, әдебиетші-ғалым, филология ғылымының докторы, профессор, Қазақстанның еңбек сіңірген мәдениет қызметкері, туғанына - 90 жыл. 1929 жылы 3 қыркүйекте Шығыс Қазақстан облысының Ұлан ауданы, Аршалы ауылында туған. Қазақ мемлекеттік университетін 1951 жылы бітірген ол еңбек жолын Шығыс Қазақстан облыстық газетінде әдеби қызметкер болып бастаған еді. Одан Мәскеудегі Қоғамдық ғылымдар академиясына түсіп, оны тәмамдады. Филология ғылымдарының кандидаты атағын алып, бұрынғы оқытушылық қызметіне қайта оралып, партияның Орталық Комитетіне қызметке шақырылды. Содан баспасөз, полиграфия және кітап саудасы жөніндегі мемлекеттік комитеттің төрағасы болып тағайындалды. «Құрмет белгісі» орденімен, көптеген медальдармен, Қазақ ҚСР Жоғарғы Кеңесінің, Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым академиясының Құрмет Грамоталарымен марапатталған.

5 қыркүйек



Мұхамедқызы Майра, әнші, туғанына - 50 жыл. 1969 жылы 5 қыркүйекте дүниеге келген. Қытай халықтары Орталық университетін үздік бітірген. Го Шу Жень Пекин консерваториясында тәжірибеден өткен, Құрманғазы атындағы Алматы консерваториясының аспирантурасын профессор Н. Шәріпованың жетекшілігімен аяқтаған. 2002-2004 жылдары Абай атындағы мемлекеттік академиялық опера және балет театрының солисі. 2004-2005 жылдары Гранд-опера солисі. 2005 жылдан келісімшарт бойынша Ұлттық операда жұмыс істейді. ҚР еңбек сіңірген әртісі. 2001 жылы «Тарлан» сыйлығының, 2004 жылы «Қазақстан Жыл тандауы» ұлттық фестиваль-байқауы «Жыл адамы» атағының иегері. Әлемдік және халықаралық деңгейдегі көптеген өнер байқауларының жеңімпазы.

Қазан

6 қазан

Раисова Бақытжан Мұқтарханқызы ақын 60 жас. 1959 жыл 6 қазан Шығыс Қазақстан облысы, Катонқарағай ауданы, Еңбек ауылында туған.

1976 жылы Бақытжан Раисова С. М. Киров атындағы (қазір Әл Фараби атында) Қазақ Мемлекеттік университетіне қазақ тілі мен әдебиеті бөліміне оқуға түседі. Жоғарғы оқу орнын үздік аяқтаған Бақытжан 1981 жылы «Қазақ университеті» газетінде қызмет атқарады. 1982 жылы Катонқарағай ауданындағы Аршаты ауылына оралып мұғалім болып қызмет істейді. 1984-1985 жылдары Бақытжан Раисова

аудандық «Арай» газетінде аудармашы-тілші ретінде қызметте болады.

1995 жылы ұлы ақын Абай Құнанбаевтың туғанына 150 жыл толуына орай Алматыда өткен конференцияда Бақытжанға «Білім беру ісінің үздігі» атағы беріледі.

1997-2007 жылдары ол Өскемен қаласындағы Ахмет Байтұрсынов атындағы гуманитарлық-эстетикалық дамыта оқыту бағытындағы мектепте ұстаздық қызметін жалғастырады.

Оның өлеңдері «Қазақ әдебиеті», «Жас алаш», «Дидар», «Арай» газеттерінде, «Жұлдыз», «Ақ Ертіс», «Қазақ тілі мен әдебиеті» журналдарында, «Балауса» студент-жастар топтамасында, «Ағажай, Алтайдай жер қайда-ай» жинағында, «Алтай әуендері» атты топтама-хрестоматияда жарияланған. Б. Раисованың 2000 жылы «Білім» баспасынан «Ай мен Алтай», 2005 жылы «Елорда» баспасынан «Сезім сәулесі» жыр жинақтары басылып шыққан. 2009 жылы «Ғасырдың мұңы» баспадан шығады.

12 қазан



Байдосов Қабден, балуан, туғанына - 85 жыл. 1934 жылы 12 қазанда Шығыс Қазақстан облысының Жарма ауданында дүниеге келген. 1959-1997 жылдары қазақ спорт және туризм академиясында оқытушы, аға оқытушы, кафедра меңгерушісі болды. А. Семкин, А. Бұғыбаев, Ж. Жарқынбаев, С. Мұқанов, Р. Нұрмановтарды еркін күрес шеберлерін тәрбиелеген. 1955 жылы еркін күрестен тұңғыш қазақстандық спорт шебері, 1955-1960 жылдары Қазақстанның 6 дүркін чемпионы атанды. 1964 жылдан Қазақстанның еңбек сіңірген жаттықтырушысы. 1997 жылы 17 сәуірде дүниеден өткен.

20 қазан



Жүнісова Күлиман (К.Амренова), жазушы, туғанына - 85 жыл. 1934 жылы 20 қазанда Шығыс Қазақстан облысы Абай ауданының Қайнар ауылында дүниеге келген. Орта мектепті бітіріп, сол аудандағы қаржы мекемесінде еңбек етті. Аудандық партия комитетінің жауапты буындарында, аудандық газет редакциясында жауапты хатшы болып қызмет атқарды. 1960 жылы Алматы Жоғарғы партия мектебін бітіріп, облыстық газеттерде әдеби қызметкер, бөлім меңгерушісі болған. Әңгімелері 1960 жылдан мерзімдік баспасөз беттерінде жиі жарияланып тұрды. «Шұғыла», «Жасыл жапырақтар», «Кәмшат», «Құстар әні», «От пен гүл», «Қимаймын сені» прозалық жинақтары жарық көрген. «Еңбектегі ерлігі үшін» медалімен марапатталған. 1999 жылы қайтыс болды.

29 қазан

Үлбі металлургиялық зауытының ашылғанына - 70 жыл. 1949 жылы алғашқы өнімдерін шығара бастады. «УМЗ» АҚ әлемдік деңгейдегі өнім шығаратын, бірегей өндіріс орнына айналды. Мұнда әлем бойынша жоғары сұранысқа ие атом электростансаларының отыны, жоғары өткізгіштер, тантал, бериллий металдары және олардың негізінде басқа да бағалы өнімдер алынады. Кәсіпорынның басты артықшылығы әлемде ұқсастығы жоқ технологиясында. Уран қаншалықты бағалы өнім болса, оны тиімді және залалсыз өндіру соншалықты қиынға соғатыны белгілі. Бұл зауытта уранды адам қолының жанасуынсыз өндіру, өңдеу технологиясы жолға қойылған. Соңғы жылдардағы негізгі

жетістіктердің бірі жаңа өнім – берилл қоласының алынуы болды.

31 қазан



Черных Станислав Евгеньевич, жазушы-өлкетанушы, туғанына - 85 жыл. 1934 жылы 31 қазанда Шығыс Қазақстан облысы Өскемен қаласында дүниеге келген. Павлодар әскери-авиациялық мектебін, Сталинград әскери-авиациялық училищесін бітіріп, өз мамангдығы бойынша еңбек еткен. Кейін Мәскеудегі тарихи мұрағат институтын тәмәмдады. Өскемендегі облыстық мұрағатта қызмет етеді. Шығармашылық саласында өнімді еңбек етіп, әсіресе деректі проза жанрында тамаша туындылар жазды. Бұл еңбектерінде Шығыс Қазақстан өңірінің өркендеу жолы көркем кестеленген. Қазақ КСР-інің еңбек сіңірген мәдениет қызметкері. Көптеген медальдармен марапатталған. 1991 жылы дүниеден өтті.

Қараша

7 қараша



Сахариев Баламер, Қазақ совет әдебиет зерттеушісі, сыншы, филология ғылымының кандидаты, туғанына - 90 жыл. 1929 жылы 7 қарашада Шығыс Қазақстан облысының Қатонқарағай ауданында туған. 1950 жылы ҚазПИ-дің қазақ тілі мен әдебиеті факультетін бітірген. 1951 жылдан «Халық мұғалімі» журналында әдеби қызметкер, кейін бөлім меңгерушісі, Қазақ КСР ҒА-ның М. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтында аға ғылыми қызметкер болып істеді. Жүзден астам ғылыми сын

мақалалар мен рецензияларының авторы. Мақалалары орыс, өзбек, қырғыз тілдерінде де жарияланды.

7 қараша

Жаһит Марат, самбошы, туғанына - 75 жыл. 1944 жылы 7 қарашада қазіргі Шығыс Қазақстан облысының Аягөз қаласында дүниеге келген. Мектепте шаңғымен, шахматпен шұғылданып, облыстық жарыстарда жеңімпаз, жүлдегер болды. Алматы ауылшаруашылық институтында оқыған кезінде П.Г.Терещенкодан самбо әліппесін үйреніп, 1963 жылы республикалық біріншілікте, кейін бүкілодақтық бәсекеде жүлделі орынға көтерілді. Үш жыл бойы КСРО-ның студенттер құрамасына еніп, есімі әлемге танылған атақты жаттықтырушы А.А.Харлампиевтен тәлім алды. Әскер қатарында жүргенде Белоруссия чемпионы, күміс жүлдегері болды. 1978 жылы Қазақстанның және 1986 жылы КСРО-ның еңбек сіңірген жаттықтырушысы. Халықтар Достығы орденімен марапатталған.

27 қараша



Әбдешев Заманбек, ақын, аудармашы, туғанына - 70 жыл. 1949 жылы 27 қарашада Шығыс Қазақстан облысы Зайсан ауданының Бақасу ауылында туған. 1975 жылы ҚазМУ-дің журналистика факультетін бітірген. Облыстық телеарнада редактор, республикалық «Қазақстан пионері» (қазіргі Ұлан) газетінде әдеби қызметкер, «Жазушы» баспасында редактор, «Ақиқат» журналында бөлім редакторы болып жұмыс істеді. Қазір «Хабар» агенттігі жабық акционерлік қоғамында жауапты қызметте. «Қазақфильм» киностудиясында көптеген фильмдерді тәржімалады. Деректі, көркем фильмдер мен

телехикаялардың аудармашысы. Көптеген роман, повестер мен әңгімелер жинағын қазақ тіліне аударған.

30 қараша



Рыбакова Ольга Сергеевна,

Қазақстанның жеңіл атлеті, туғанына - 35 жыл. 1984 жылы 30 қарашада Шығыс Қазақстан облысы Өскемен қаласында дүниеге келген. Бастапқыда жеті сайыспен айналысса, кейін ұзындыққа секіруге мән беріп жүріп, үш қарғып секірумен айналысады. Жеңіл атлетикадан халықаралық дәрежедегі спорт шебері. 2002 жылғы жасөспірімдер арасындағы әлем чемпионатының күміс жүлдегері. 2006 жылы Азия ойындарында жеті сайыстан ең үздік нәтиже көрсеткен спортшы. 2006 жылы Катарда өткен Азия ойындарында жеті сайыстан алтын, ұзындыққа секіруден қола медаль иегері. 2008 жылғы Бейжің олимпиадасында үш қарғып секіруден финалдық кезеңде 15 метр 11 сантиметр ұзындықты бағындырып, Азия рекордын жаңартты. 2010 жылы мамырда Шанхайда өткен «Гауһар лига» деп аталатын жеңіл атлетика сериясының бірінші кезеңінде алтын медальді 14 метр 89 сантиметрді бағындырып жеңіп алды. 2010 жылы қысқы әлем чемпионатында 15 метр 14 сантиметрге секіріп, әлем чемпионы атанды. 2011 жылғы жеңіл атлетикадан Тэгу қаласында өткен әлем чемпионатында күміс медаль жеңіп алды. 2012 жылғы жеңіл атлетикадан Лондон қаласында өткен олимпиадада алтын медаль жеңіп алды. Оның көрсеткіші 14.98 м болды.

Желтоқсан

8 желтоқсан




Дүйсенғазин Серікзат, айтыскер ақын, филология ғылымдарының кандидаты, доцент, туғанына - 45 жас. 1974 жылы 8 желтоқсанда Шығыс Қазақстан облысы Аягөз ауданы Тарбағатай ауылында дүниеге келген. 1997 жылы ҚазМҰУ-дің филология факультетін бакалавр дәрежесі бойынша аяқтап, 1999 жылы әдебиеттану саласы бойынша магистр дәрежесін алды. 1999-2001 жылдары ҚазМҰУ Студенттер клубы директорының орынбасары, директоры, 2001-2002 жылдары Ө.Жолдасбеков атындағы Студенттер сарайы директорының орынбасары қызметтерін атқарды. 2002 жылдың ақпан айынан Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ-дің қазақ әдебиеті кафедрасында оқытушы. Университеттегі «Топжарған» жас айтыскерлер мектебінің жетекшісі. 2006 жылдан филология факультеті деканының орынбасары қызметін атқаруда. Отыздан аса республикалық, халықаралық айтыстардың бас жүлдегері.

15 желтоқсан

Александров Николай Павлович, суретші, график, мүсінші, монументті өнер шебері, туғанына - 95 жыл. 1924 жылы 15 желтоқсанда қазіргі Шығыс Қазақстан облысының Шемонаиха ауданындағы Верхубинка ауылында туған. Ұлы Отан соғысына қатысқан. 1951 жылы Алматы көркемсурет және 1957 жылы Ленинград (Санкт-Петербург) көркем өнеркәсіп училищесін бітірген. «Түбіт шәлі», «Қымыз» сияқты графикалық жұмыстардың және «Жарық ебелегі», «Бостандық – жан тебіренер жақсы сөз», тағы басқа

мүсіндік еңбектердің авторы. Әр түрлі монументті өнер туындылары бар. Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Құрмет Грамотасымен, 1-дәрежелі Отан соғысы орденімен, медальдармен марапатталған.

18 желтоқсан



Тұрлыбаев Елтай Қатпанұлы, жазушы, тілші, педагог, туғанына - 90 жыл. 1929 жылы 18 желтоқсанда Шығыс Қазақстанның Ұлан ауданында туған. 1950-53 жылдары Отан алдындағы борышын өтеп келеді де, Өскемендегі педагогикалық институттың орыс тілі мен әдебиеті факультетін бітіреді. 1954-1979 жылдары ширек ғасыр Ұлан аудандық халық ағарту жүйесінде мұғалім, сегізжылдық мектептің директоры, орта мектептің оқу ісінің меңгерушісі, оқу бөлімінің инспекторы болып қызметін атқарады. Қазақстан халық ағарту ісінің үздігі. Соңғы жылдары Өскеменде «Білім» қоғамы облыстық ұйымының референті, облыстық «Коммунизм туы» (қазіргі «Дидар») газетінде тілші болады. «Еңбек ардагері» медалімен марапатталды.

23 желтоқсан



Васильев Павел Николаевич, ақын, туғанына - 110 жыл. 1909 жылы 23 желтоқсанда Семей губерниясында дүниеге келген. Көптеген жинақтардың авторы. 1991 жылы Павлодар қаласында ақынның мұражай-үйі ашылды. Өскемен қаласындағы бір көше бүгінде П. Васильев атымен аталады. 1937 жылы Мәскеу қаласында қайтыс болды.

Айы мен күні белгісіз аталып өтілетін мерейтой иелері

Ғаббасов Сабыржан Ғарапшаұлы, қоғам қайраткері, журналист, туғанына - 130 жыл. 1889 жылы Шығыс Қазақстан облысы, Аягөз қаласында дүниеге келген. 1905 жылы Қазан қаласында оқып, білім алған. 1912 жылдан Сергиополь (Аягөз) қаласында мұғалім болды. "Айқап" журналының жұмысына белсене араласып, 15-ке жуық мақала жариялады. 1916 жылы Верный (Алматы) қаласына келіп, газет-журналдарға "Аягузи" деген лақап атпен мақалалар жазып тұрған. 1918 жылы Верныйда шығып тұрған "Вестник Семиреченского трудового народа", "Заря свободы" газеттерінің редакциясында қызмет істеді. Азамат соғысы жылдары Сергиополь революциялық әскери кеңесінің комиссары және Жетісу майданының соғыс жөніндегі нұсқаушысы ретінде Сергиопольді қорғау ісіне басшылық жасады. 1918 жылы Аягөз маңындағы Балтатерек деген жерде қаза болды.



Жақсылықов Аслан, жазушы, аудармашы, әдебиеттанушы, туғанына - 65 жас. 1954 жылы Шығыс Қазақстан облысының Самар ауылында туған. 1979 жылы Қазақ Мемлекеттік Университетінің филология факультетін тәмамдаған. 1979-1990 жылдары Қазақ Мемлекеттік Қыздар педагогика институтының әдебиет кафедрасында қызмет етіп, 1984 жылы кандидаттық диссертация қорғаған. 1990 жылдан бері Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінде қазақ әдебиеті кафедрасының доценті, 1999 жылы «Қазақ әдебиеті шығармаларындағы діни мазмұндағы бейнелер, сарындар және идеялар (типология, эстетика, генезис) тақырыбында докторлық диссертация қорғады. 2000-2005 жылдары қазақ әдебиеті кафедрасының, 2005 жылдан көркем аударма теориясы және әдеби шығармашылық кафедрасының профессоры.

Жомартбаев Тайыр, жазушы, драматург, педагог, туғанына - 135 жыл. 1884 жылы Шығыс Қазақстан облысы, Абай ауданы, Мұқыр ауылында дүниеге келген, шын есімі Тайлақбай. Көкбай медресесінде білім алып, 1911 жылы Уфадағы “Ғалия” медресесін бітірген. 1911–1915 жылдары Семей қаласы маңындағы Жақия қажы мектебінде ер балаларға сабақ береді. 1915–1928 жылдары Зайсан қаласында, Маңырақ болысында мұғалім болып қызмет істейді. 1928–1930 жылдары Семейдегі №14 мектептің директоры, 1930–1937 жылдары Семей педагогикалық техникумында оқытушы болған. Жомартбаев оқытушылықпен қоса журналистикамен де айналысып, “Айқап”, “Жаңа мектеп” журналдары мен “Қазақ”, “Алаш” газеттеріне мақала, фельетондар жазып тұрды. Жомартбаевтың “Сары сүйек құда”, “Осы ма, қазақ, өмірің?” атты пьесалары Зайсан, Семей театрларында қойылған. 1937 жылы Кузнецк қаласында №23 мектепте жұмыс істеп жүрген кезінде жалған саяси жаламен тұтқындалып, 1937 жылы Семейде қайтыс болған.

Бердіұлы Есентай, педагог, халық ақыны, туғанына -125 жыл. 1894 жылы қазіргі Шығыс Қазақстан облысы Абай ауданы Көкбай ауылында дүниеге келген. 1905-1910 жылдары Көкбай медресесінде, 1911-1914 жылдары Семей қаласындағы орыс-қазақ мектебінде оқыған. 1918 жылы Алаш қаласында (Жаңа Семей) облыстық жер басқармасы ашқан үш айлық мұғалімдер курсына, 1921 жылы қазақ педагогика техникумының негізгі бөлімінде бір жыл оқыған. 1918 жылы Қазанда “Жастарға тағылым” деген кітабы шыққан. 1918 жылдан Дос болысында (қазіргі Абай ауданы) мұғалім болған. 1928 жылдан Қарауыл селосындағы мектептің меңгерушісі болады. Сол жылдарда “Шәкірттерге”, “Еңбекшіге”, “Октябрь”, “Активтерге айтылған қыр”, “Мақтаныш”, “Ауыл суреті”, “Қазақстан табиғаты” т.б. өлеңдерін жазады. 1937 жылы жалған саяси айыппен 10 жылға, 1949 жылы қайтадан тағы да 10 жылға сотталып, 1956 жылы

елге оралған. Өмірінің соңғы жылдарын жазуға арнаған. “Қыз Жәкен” (1959), “Екі ойшыл” (1962), “Қанды асу” (1968) атты дастандары жеке кітап болып басылып шықты. 1967 жылы Шығыс Қазақстан облысы Аягөз қаласында қайтыс болған.

Толғанбаев Әйткеш, қазақтың тұңғыш кәсіби скрипкашысы, туғанына - 95 жыл. 1924 жылы бұрынғы Семей облысы Шыңғыстау ауданының Қарауыл ауылында дүниеге келген. 1936 жылы Алматыдағы музыкалық-драмалық техникумға оқуға қабылданып, музыка, оның ішінде скрипка әлеміне бойлай түседі. 1941 жылы майданға аттанады. 1946-1955 жылдары репрессияға ұшырап, Магаданға айдалады. Репрессиядан ақталып шыққан соң, 1956 жылы консерваторияға түсіп, оны 1961 жылы бітірген. Консерваторияда ұстаздық қызмет атқарды. Қазақ әндері мен күйлерін, қазақ композиторларының шығармаларын өндеп, скрипкаға лайықтап жазды. Оларды және классикалық шығармаларды өзі орындап, таспаға жаздырды. Өз өмірінен «Исповедь судьбы жестокой» («Қазақстан» баспасы, 1993) деген кітап жазып шығарды. Қазақстан Республикасы кәсіпқой скрипка мектебінің негізін салушы, Алматы мемлекеттік консерваториясының бұрынғы доценті, орындаған музыкалық шығармалар ұрпаққа асыл мұра болып, қазақ радиосының «Алтын қорында» калды.



Бердәулетұлы Жәнібек батыр, шешен, Абылай ханның ту ұстаған батырларының бірі, Керейлер қолбасшысы, туғанына -305 жыл. 1714 жылы дүниеге келген. Жоңғар шапқыншылығына қарсы соғыстарға белсене қатысқан. Қаракерей Қабанбай, Қанжығалы Бөгенбай, т.б. батырлармен тізе қоса отырып, жоңғар шапқыншылығына қарсы соғыстың аяғына дейін қатынасады. 1731 жылы Кіші жүз ханы Әбілқайыр Ресей империясының бодандығын қабылдаған кезде Ер Жәнібек керей тайпасын

бастап, Сыр бойынан үдере көшіп, Қалба тауына келіп қоныстанады. Осы арадан Алтайдың Ақтау төңірегіндегі бір асуынан жол салып асып барып, өр Алтайды шолып қайтады. Бұл асу кейін “Жәнібек асуы” деп аталып кеткен. Сөз бастаған шешендігімен, ел бастаған көсемдігімен, жауға шапқан батырлығымен бүкіл абақ керейдің ұранына айналған "Ер Жәнібек" 1792 жылы қайтыс болған. Қазір Алматы қаласының Алатау ауданында Ер Жәнібек атындағы қысқа көше бар. Батырдың зираты қазіргі Шығыс Қазақстан облысы, Жарма ауданы, Ортабұлақ деген жерде. Зиратының басына ескерткіш орнатылған.

Жәнібек Қызыр, ақын, туғанына - 70 жыл. 1949 жылы Шығыс Қазақстан облысының Қатонқарағай ауылында туған. 1966 жылы Алтай орта мектебін бітіріп, еңбек жолын жүргізушіліктен бастайды. 1972 жылы аудандық «Арай» газетіне әдеби қызметкер болып орналасады. Содан бері осы газет редакциясында бөлім меңгерушісі, жауапты хатшы, редактордың орынбасары міндеттерін атқарды. Қазір де сол аудандық газетте қызмет істеп жүр. Қазақстан Журналистер одағының мүшесі. Өлеңдері «Ағажай, Алтайдай жер қайда?» жыр жинағына енген. 2003 жылы қаламгер Қ. Назырбаевпен бірге от ауызды, орақ тілді жерлестерінің шымшымаларын жинастырып, «Ел ішіндегі бір қақпайлар» атты кітапша шығарды. Жеңістің 60 жылдығына орай, жерлестерінің Ұлы Отан соғысы кезіндегі ерлігі жайлы «Ерлікдастан» атты жеке кітап құрастырып, оқырмандарына ұсынды. 2009 жылы «Ақбұлақ» атты жыр жинағы жарық көрді.

Есімдердің алфавиттік көрсеткіші

Авдеев Николай Дмитриевич	2
Ақтаев Талғат	29
Александров Николай Павлович	39
Аманжолов Алтай Сарсенұлы	22
Әбдешов Заманбек	37
Әдібаев Хасен	31
Бажов павел Петрович	5
Байбатыров Ғалым	4
Байдосов Қабден	34
Бердәулетұлы Жәнібек	44
Бердіұлы Есентай	43
Берікқажыұлы Дәурен	20
Блохин Евгений Анатольевич.	22
Бурлаченко Степан Филиппович	16
Бурнашов Александр Анфиногенович	40
Васильев Павел Николаевич	40
Вербицкий Тимофей Сергеевич	17
Ғаббасов Сабыржан Ғарапшаұлы	41
Ғаббасов Советхан	6
Ғафур Аслан	14
Дүйсенғазин Серікзат	38
Елеукенов Шарияздан Рүстемұлы	32
Есдәулет Ұлықбек	16
Жақиянов Серікхан	32
Жақсылықов Аслан	41
Жаппасұлы Еркін	23
Жаһит Марат	36
Жәнібек Қызыр	44
Жомартбаев Тайыр	42
Жүнісова Күлиман	35
Ибрагимов Төкен	7

Ибраев Әйткеш Абайұлы	29
Клименко Трофим Михайлов	12
Көбдіков Төлеу	25
Көшерев Оралхан	14
Кузнецов Павел Николаевич	30
Құмарбеков Мүсілім	3
Морозов Борис Филиппович	26
Мұхамедқызы Майра	33
Мұхамедиярова Райса Мәжитқызы	26
Өмірзақова Әмина Ерғожақызы	10
Павлов Борис Тимофеевич	28
Пржевальский Николай Михайлович	13
Рыпакова Ольга Сергеевна	37
Рейхерд Дмитрий	2
Рубисин Сергей Михайлович	5
Сахариев Баламер	36
Сәтбаев Қаныш Имантайұлы	15
Сейсенұлы Дәулет	9
Сейітханов Амангелді	18
Толғанбаев Әйткеш	43
Төлегенова Бибігүл Ахметқызы	41
Туғанбаев Қашаф Айтжанұлы	21
Тұрлыбаев Елтай Қатпанұлы	40
Тілегенов Бекежан	10
Тілеуханов Төлек	27
Шәкеев Нұрғазы	24
Щербаков Борис Васильевич	28
Чернов Алексей Иванович	12
Черных Станислав Евгеньевич	35
Филатов Валентин Михайлович	25
Юровская Ольга	9

Мазмұны

Құрастырушыдан	1
2014 жылы аталып өтілетін мерейтой иелері және еске алынатын күндер	2
Айы мен күні белгісіз аталып өтілетін мерейтой иелері	50
Есімдердің алфавиттік көрсеткіші	54